

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

МҒТАР 37.012–047

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp200-210](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp200-210)

А.К. Абилкасымова¹, А.Ш. Акжигитова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ТРАНСЛИНГВИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Берілген мақалада транслингвизм мәселелеріне байланысты ғылыми жұмыстарға және олардың теориялық методологиялық негіздеріне аналитикалық шолу жасалды. Отандық және шетелдік ғалымдардың тіл саясаты, отбасылық тіл саясаты транслингвизм, код ауыстыру, транслингвизмдік кеңістік ұғымдары тәңірегіндегі ғылыми зерттеулер талданып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары, ерекшеліктері аталды. «Транслингвизм» мен «код ауыстыру» ұғымдары және олардың лингвистикадағы рөлі мен атқаратын қызметі сипатталды. Тіл саясаты мемлекеттік деңгейдегі тіл мәселелерін, заң тұрғысынан қабылданған бағдарламалар мен үндеулер және практикалық шаралар негізінде қарастырылды. Тіл саясатын зерттеудің маңыздылығын ескере отырып, қоғамды құраушы негізгі тап – отбасындағы тілдік саясат және оның әсер ететін факторлары, отбасындағы тілдік саясатта қолданысқа ие негізгі стратегиялар талданды. Сондай-ақ, транслингвизмнің жастар дискурсында, транслингвизмдік кеңістікте алатын орны мен рөлі, себептері айқындалды.

Кілт сөздер: транслингвизм, код ауыстыру, тіл саясаты, отбасындағы тілдік саясат, мультилингвизм, транслингвизмдік кеңістік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінде бүкіл әлемде, әсіресе мегаполистерде тұратын адамдар көп тілді ортада өмір сүреді. Осыған байланысты билингвизм және тіпті мультилингвизм құбылысы қазіргі қоғамда кең таралған. Біздің еліміз де бұл жаһандық тенденцияны қолдаушы елдер қатарында.

Елімізде болған тарихи өзгерістер лингвистикалық кеңістікке саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер туғызды әрі ол мультилингвалды қоғам қалыптастыруға негіз болды. Соның нәтижесінде бірнеше тілдердің бір репертуарда көрініс тауып, транслингвизмнің тәжірибеде қолданылуын байқадық. Дегенмен, транслингвизм лингвистикалық термин ретінде отандық тіл білімінде салыстырмалы түрде жақында пайда болғандықтан, билингвизм, мультилингвизм және код ауыстыру салаларындағы отандық және шет елдік ғалымдардың іргелі ғылыми жұмыстарына теориялық методологиялық шолу жасалды. Э.Д. Сүлейменова зерттеулері билингвизм мәселелеріне, қазақ және орыс тілдерінің контрасттық лингвистика тұрғысынан даму тенденцияларына, қазіргі Қазақстандағы тілдік ахуал мен тіл саясаты мәселелеріне арналған. Осы мәселе бойынша қазақ тіл ғалымдарының еңбектеріне шолу билингвизм мәселесі әртүрлі зерттеу позициясындағы ғалымдардың назарын аударатынын көрсетті: тілдік өзара әрекеттестік теориясы (М.К. Исаев, Ж.А. Абуов) тілдік кедергі мәселелері (Копыленко М.М. Ахметжанова З.К. Тезекбаев М.Т. Байбулсинова К.М.), екінші тілді меңгеру теориялары (Утебалиева Г.Е. Агманова А.Е. Ешкембеева Л.В. Нуршаихова Ж.А.), кодты ауыстыру (Сүйінова Г.С., Мұхаммедова Р.) және тілдік толықтыру теориясы (Исабеков С.Е.) зерттелген. Билингвизм мен мультилингвизм мәселелерін талдау барысында

шет елдік (U. Weinreich, E. Haugen, R. Davis, J. Piaget, M. Lewis Baudouin de Courtenay, E.M. Верещагин, Л.С. Выготский, Г.В. Колшанский, А.А. Леонтьев, А.А. Потебня, Л.В. Щерба и др.) ғалымдардың іргелі ғылыми жұмыстары қарастырылды. Код ауыстыру ұғымы тілдік құбылыс ретінде негізінен шетелдік лингвистикада зерттелгенімен (P. Auer, M. Clyne, P. Gardner-Chloros, C. Myers-Scotton, Sh. Poplack, G. Vogt, L. Bloomfield, Nilep C., D. R. Mabule L. Wei, O. Garcia) отандық зерттеушілердің де (А.Е. Агманова, Г.Д. Алдабергенова, З.К. Ахметжанова, А.Е. Карлинский, М.М. Копыленко, Д.Д. Шайбакова, Д.Б. Ақынова) назарынан тыс қалмаған. Ал транслингвизм педагогикалық және лингвистикалық бағыттарда зерттелген. Дегенмен, біз бұл терминді лингвистикалық тұрғыдан қарастырамыз. Шетелдік лингвистикада соңғы жылдары кеңінен зерттеліп жүрген шетелдік (Lewis G., Jones B., Baker C., Canagarajah S., L. Wei, O. Garcia) ғалымдардың іргелі жұмыстары негізге алынды. Олардың зерттеулеріндегі көзқарастар мен анықтамаларды талдап, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болмақ.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта қазақстандықтардың үш тілді меңгеруі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарының бірі. Үштілділік – бұл елдің дамуы мен оның болашақта өркендеуінің ұлттық тілдік жоспары. Мультилингвалды қоғамда транслингвизмнің орын алуы, оны зерттеуге негіз болып тұр. Транслингвизм ұғымының код ауыстыру терминінің парадигмалық жаңашылдығы ретінде лингвистикада орын алуы тақырыпты зерттеудің өзектілігін анықтайды. Жұмыстың объектісі – транслингвизм ұғымының теориялық негіздері. Транслингвизм мәселелерін зерттеуге байланысты жұмысымыздың негізгі мақсаты – транслингвизм тақырыбына теориялық методологиялық шолу жасау. Мақсатқа сай мынадай міндеттер қойылды:

- тілдік және отбасындағы тілдік саясаттың маңыздылығын анықтау;
- код ауыстыру және транслингвизмнің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын зерттеу.

Тілдік саясат және тілдік жоспарлаудың бағдарламалары тілдің дұрыс қолданылуы мен дамуына бағытталады. Конституцияға сәйкес қазақ тілі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілі ұлттық тұрғыдан маңызды рөлге ие әрі бағалы. Ал орыс тілі тілдер туралы Заңға (Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы) сәйкес ұлтаралық қатынас тілі – ресми тіл. Тарихи фактілерге байланысты еліміз Кеңес Одағынаның құрамында болғандықтан, ел тұрғындары орыс тілін жетік меңгерген. Саяси-экономикалық ситуацияға байланысты әлемдік интеграциядағы қарым-қатынас тілі – ағылшын тілі де үш тұғырлы тіл негізінде мемлекеттік тіл саясатының бағдарламаларында ұсынылды [1]. Ағылшын тілі қазіргі таңда ғылым саласында, сауда-саттықта, саясатта, туризм мен спортта, киноиндустриясында әрі музыка әлемінде маңызды рөл атқарады.

Сонымен, біздің еліміздегі үштілділіктің басты мақсаты – көпұлтты елде ұлтаралық бейбітшілікті сақтау, ұлттық бірлікті қалыптастыру, қазақстандық патриотизм негізінде ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Жұмыс барысында қазіргі тіл білімінде транслингвизм және оған қатысты ұғымдарды зерттеген ғылыми еңбектерді қарастырдық. Тақырыпты кеңінен ашу үшін шетелдік және Қазақстандық (O. Garcia, L. Wei, W. Fishman, B. Spolsky, R., P. Auer, C. Nilep, B.E. Чернявская, Э.Д. Сүлейменова, Ж.С. Смагулова, М.И. Исаев, Ш.К. Жарқынбекова) ғалымдардың жұмыстары зерттелді. Еңбектерге шолу жасау барысында транслингвизмнің, код ауыстырудың, тіл саясатының, отбасындағы тіл саясаты мен оны жүзеге асыру барысында қолданылатын стратегиялар шетелдік әрі Отандық ғылым саласында зерттеліп жүргенін байқадық. Дегенмен, әлі де одан әрі талданып, зерттелуі үшін жан-жақты талдауды қажет ететіндігі анықталды.

Ғылыми жұмыстарды зерттеу барысында жинақтау әдісін пайдалана отырып, Отандық

және шетелдік жұмыстар арасынан тіл саясаты, отбасы тіл саясаты, мультилингвизм, код ауыстыру және транслингвизм тақырыптары бойынша жинақтадық. Жинақталған зерттеулер ішінен сұрыптау әдісі негізінде зерттеудің теориялық методологияға бағытталғанын ескере отырып, қажетті материалдар сұрыптап алынды. Сонымен қатар, жинақталып, сұрыпталған ғылыми еңбектердің әр түрлілігіне байланысты әрі олардың мазмұнының маңыздылығын ашу мақсатында салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізілді. Салыстырмалы-салғастырмалы талдау негізінде транслингвизм мәселелерін зерттеудің теориялық методологиялық негіздеріне сапалық талдау арқылы шолу жасалды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақтанда үштілді саясат болғандықтан, қоғам өмірінде тілдік саясат маңызды рөлге ие. Қоғам өмірінде тілдік саясаттың атқаратын маңызын ескере отырып, Отандық және шет елдік зерттеулерге шолу жасап көрелік.

Э.Д. Сүлейменова бойынша, тіл саясаты дегеніміз – мемлекеттік саясаттың бұлжымас бөлігі, тілді жоспарлау субъектілерінің саналы және нысаналы ықпалының теориясы мен практикасы болып табылады. Сонымен қатар, қолданыстағы тілдердің қолданылуына, қарым-қатынастың жаңа тілдік құралдарына мақсатты, ғылыми негізделген басшылық ету. Ғалымның пайымдауынша, тілді жоспарлау үш стратегиялық бағытта жүзеге асырылады: мемлекеттік тілдің қолданылу аясы мен функцияларын кеңейту, орыс тілінің функцияларын сақтау және елдегі басқа тілдерді де дамыту [2, 286].

К.Н. Смагулова бойынша, тіл саясаты – этностың қалыптасуы мен өзіндік санасының өсуінің қажетті шарты. Саяси заңдылықтар желісі байқалатын, оның аясында белгілі бір тілдік жағдай дамитын мемлекеттің әлеуметтік құрылымына байланысты: 1) бұқаралық коммуникация мақсаттарына қызмет ететін бір тіл болуы керек. Ол – мемлекеттік тіл әрі ол басымдылыққа ие; 2) мемлекеттік тілдің басымдылығы әр түрлі қақтығыстарды (этнолингвистикалық, лингвистикалық, этномәдени және т.б.) туғызады [3, 194].

Отандық лингвист М.И. Исаевтың анықтамасы бойынша, тіл саясаты – қоғамның тілдік өмірінің процестеріне белсенді әсер етуге бағытталған мемлекеттік заңнамалық актілердің теориялық тұжырымдамаларының жиынтығы болып табылады [4, 155].

Шет елдік зерттеулерде де тілдік саясаттың жан-жақты қарастырылғанын байқауға болады. Дж. Фишман (W. Fishman) және О. Гарсиа (O. Garcia) сияқты кейбір ғалымдар оны әлеуметтік лингвистиканың бір бөлігі деп санайды. Екінші жағынан, Бернард Спольски (B. Spolsky), Роберт Б.Каплан (R. Kaplan) сияқты басқа ғалымдар тіл саясаты қолданбалы тіл білімінің бір саласы екенін айтады.

Спольскидің пікірінше, тіл саясаты вакуумда емес, адам өмірін қамтитын күрделі қоршаған ортаның жағдайларының жиынтығында болады дейді. Ол лингвисцентризмге, тіл қоршаған ортадан тәуелсіз деген түсінікке қарсы пікір айтып, тіл саясаты қоршаған ортамен тығыз байланыста жүзеге асатынын айтады.

Тіл саясатына мультилингвизм, мәдениетаралық өзара әрекеттестік сияқты ұғымдар да қатысты болып табылады. Мультилингвизм – белгілі бір қоғамдық ортада бірнеше тілдің қолданылуы. Ли Вэй көптілді (мультилингвалды) тұлғаны «белсенді (сөйлеу және жазу арқылы) немесе пассивті (тыңдау және оқу арқылы) болсын, бірнеше тілде сөйлесе алатын кез келген адам» деп анықтады [5, 4]. Көптілді тұлғаның әр түрлі тілдерді қолдануы, оның мәдениеті мен әдебиеті, сондай-ақ тарихына қызығушылығы, өзі қолданатын тілдер арқылы мәдениеттерді байланыстыруы - мәдениетаралық өзара әрекеттестікті қалыптастырады. Мәдениетаралық өзара әрекеттестік (cross culturalism) әртүрлі мәдениеттердің адамдары арасында орын алады және «әртүрлі мәдениеттегі ең аз екі адамды» қамтиды [6, 24]. Жалпы, тіл саясаты, оның жүзеге асуы мен жоспарлануы отбасынан бастау алады. [7, 9].

Отбасы ана тілді сақтаудың ең маңызды институты болғандықтан, соңғы онжылдықтарда тілдің ауысу құбылысын отбасылық тіл саясаты призмасы арқылы қарастыратын жаңа зерттеу саласы пайда болды. Отбасылық тіл саясатын зерттеу ең алдымен ата-аналардың балаларының

тілдік дамуын өзгерту арқылы тілдік мұраны сақтауға негізделген күш-жігеріне бағытталған [7, 17]. Тілдік тәжірибелер отбасындағы тілді қолдану үлгілеріне жатады, олардың көмегімен отбасы мүшелері жеке қарым-қатынаста өздерінің отбасылық тілдік саясатын жүзеге асырады, талқылайды және оны өзгертеді. Баррон-Хауерт (Barron-Hauwaert) [8, 163] отбасында тілді қолданудың жеті түрін ажыратады: 1. «OPOЛ-ML» (one parent, one language - majority language; бір ата-ана, бір тіл – көпшілік сөйлейтін тіл); 2. «OPOЛ-mL» (one parent, one language - minority language; бір ата-ана, бір тіл – аз сөйленетін тіл); 3. «Үйдегі аз сөйленетін тіл-mLaH» (Minority-Language at Home mLaH) 4. «Үш тілділік немесе көптілділік стратегиясы»; 5. «Аралас стратегия»; 6. «Уақыт және орын стратегиясы»; 7. «Жасанды» немесе «Ана тілі емес стратегия». Аталған стратегияларға толығырақ тоқталайық.

1. OPOЛ-ML – билингвалды немесе мультилингвалды отбасылар арасында негізгі әрі танымал стратегия. Мұнда ата-ананың екеуі де көпшіліктің тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланады. Бұл стратегияны қолданушы ата-ана әр ұлттың өкілі болатындықтан, олар бірігіп, қай тілге басымдық беріп, қай тілді көпшілік тілі ететінін шешеді.

2. OPOЛ-mL – аз сөйленетін/қолданылатын тілді қолдау, ата-аналардың аз сөйлейтін тілді бірге қолдануы. Ата-ана аз сөйленетін тілде сөйлесе отырып, уақыт өте келе бұл тіл бала үшін аз аздан күшейтіліп, кейінірек бала екі тілде де еркін сөйлеуіне мүмкіндік туады.

3. Үйдегі аз сөйленетін тіл-mLaH – үйде бір тілді қолдануды шешкен отбасыларға арналған салыстырмалы түрде жаңа термин. Ол отбасы балалардың ерте жасында бір тілді орнатуға шешім қабылдағанда немесе шетелде тұру кезінде тілді қорғау әдісі ретінде таңдалуы мүмкін.

4. Үш тілділік немесе көптілділік стратегиясы – билингвалды аралас тілді жұп қосымша үшінші қоғам тілін басқа елге көшкен кезде қолдануы мүмкін. Біздің елдің тілдік саяси жағдайында балалардың көпшілігі екінші тіл ретінде орыс тілінде сөйлей алады. Демек, бұл отбасының тіл саясаты – өзі және балалары білетін үш-төрт тілді теңдей сақтау және қолдану.

5. Аралас стратегия тіл тазалығына тікелей әсер ететіндіктен, адам оңай шатасуы мүмкін. Дегенмен, шынайы өмірде ол көптеген отбасыларда бар. Тілдерді араластыру дүние жүзінде қарым-қатынастың ең тиімді тәсілі ретінде кеңінен қолданылады.

6. Уақыт пен орын стратегиясы – билингвалды отбасыларда сирек қолданылуы мүмкін. Бұл – тілді дамыту, жаттықтыру және қолдану тәсілі ретінде белгілі бір тұрақты іс-шараларға немесе отбасылық дәстүрлерге арналған. Отбасылар бұл стратегияны күнделікті өмірге азшылық тілін көбірек енгізу тәсілі ретінде пайдаланады.

7. Жасанды немесе ана тілі емес стратегия – баласының екінші немесе үшінші тілде сөйлегенін қалайтын, ал өздері басқа тілдің иесі болып табылатындар арасында танымал. Оны қолдайтын көптеген ата-аналар балалары шет тілін үйренуге жеткілікті жасқа жеткенше күтеді немесе ата-аналар балаларын туғаннан бастап екі тілді енгізу арқылы екі тілде тәрбиелеуді таңдайды. Әдетте ата-аналардың бұл стратегияны таңдауына баласының болашақ өмірі, білімі, жұмысқа орналасуы, мәдени білімі сияқты себептері болады. Бұл әдісте ата-ананың біреуі екінші тілді жетік білуі керек және ол баламен тек сол тілде сөйлесетін OPOЛ ата-анасының рөлін алуы керек.

Сонымен, жоғарыда аталған стратегиялардың ішінде біз өз зерттеуімізде жасанды немесе ана тілі емес стратегияны қолданатын боламыз. Дәл осы стратегияны таңдауымыздың басты себебі – зерттеуіміздің негізгі фокус тобы қазақ жастары, ал олар қазақ отбасыларынан шыққан. Сондықтан олар үшін орыс және ағылшын тілдері жасанды әрі ана тілі емес.

Код ауыстыру (Code switching)

Код ауыстыру терминін ғылымға алғаш Ганс Фогт (G.Vogt) 1954 жылы Language Contacts мақаласында енгізді [9, 18; 23]. Содан бері терминнің нақты анықтамасы үшін пікірталастар жалғасуда. Оны зерттеу ХХ ғасырдың 50-жылдарында У. Вайнрайх пен Э. Хаугеннің (U. Weinreich and E. Haugen) классикалық шығармаларының пайда болуымен басталды. У. Вайнрайх жеке адам өмір сүру барысында белгілі бір дәрежеде бірнеше тілдік жүйені игеретінін, жағдайға байланысты әр тілді жеке қолданатынын атап көрсетеді. Оның пікірінше, ...А және В тілдері жағдайдың талаптарына байланысты кезектесіп қолданылуы

мүмкін. Сондай-ақ, қолданушылар А тілінен В тіліне және керісінше ауысуы ықтимал [10, 197].

О. Гарсианың мен Т. Клейн (O. García and T. Kleyn) анықтауынша, код ауыстыру әртүрлі «кодтар» арасындағы қатаң шекаралары бар сыртқы лингвистикалық тұжырымдаманы білдіреді. [11, 98].

П. Гарднер-Хлоростың (Gardner-Chloros P.) зерттеулерінде код термині тілдерді, диалектілерді, сөйлеу мәнерлерін білдіреді; ал ауыстыру тілдердің нұсқаларын, диалектілердің немесе стильдердің кезекпен қолданылуы [6, 132].

Отандық зерттеулерде де код ауыстыру ұғымы жан-жақты зерттелген. Данилова В.В., Бермухаметова А.А., Асанова А.Б., Кинжибаева А.С. сияқты зерттеушілердің еңбегінде код ауыстыру – сөйлеушінің вербалды қарым-қатынас процесінде қарым-қатынас шарттарына байланысты бір тілден (диалект, стиль) екінші тілге ауысуы деген анықтама беріледі [12, 30-36]. Ш.К. Жарқынбекова мен В.Е. Чернявская код ауыстыру мен код араластыру өзара айырмашылықсыз түсіндіріліп, код араластыру – осы тілдің ережелеріне сәйкес жасалған ауызша немесе жазбаша сөйлеу ішінде басқа тілдің немесе социолектінің құралдарын өздігінен қолдану деп анықтайды [13, 269].

Жоғарыдағы анықтамаларды қорытындылай келе, көптеген зерттеушілер код ауыстыруды бір коммуникативті акт аясында екі тілді баламалы қолдану ретінде түсіндіреді. Дегенмен, код ауыстыру мәселесінің көптеген зерттеулеріне қарамастан, бұл кезеңде бұл ұғымның нақты анықтамасы жоқ деп айтуға болады. Бұл мәселенің күрделілігі оның тек тіл білімінің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, шет тілдерін оқыту әдістемесі сияқты сабақтас ғылымдардың да зерттеу пәніне айналуында.

Транслингвизм (Translanguaging)

Транслингвизм термині бастапқыда уэльстің *trawsieithu* сөзінен шыққан және оны білім беруде билингвизмге инновациялық тәсіл ретінде педагог Сен Уильямс (Williams C.) әзірлеп, ғылымға енгізген [14, 657]. Кейін уэльс терминін Колин Бейкер (Baker C.) өзінің *Foundations of Bilingual Education and Bilingualism* (Билингвалдық білім беру және қостілділік негіздері) оқулығында транслингвизм деп аударды. Онда ол бұл тәсілді «екі тілді қолдану арқылы мағына жасау, тәжірибе қалыптастыру, түсінік пен білім алу процесі» деп анықтады [14, 662]. Бастапқыда ол педагогикалық тәжірибеден тұрды, онда студенттерге әртүрлі мақсаттар үшін тілдерді ауыстырып отыру ұсынылды. Мысалы, бір тіл түсіну үшін, ал екіншісі түсінгенінді жеткізу үшін ұсынылды. Термин ең алғаш 1980 жылы білім саласында қолданылды. Транслингвизм оқытудың стратегиялық тәсілі ретінде дүниеге келді, ол қос тілділердің еркін тілдік тәжірибесіне негізделеді және олардың оқу процесін барынша арттыру үшін балалардың бүкіл лингвистикалық репертуары мен ресурстарын пайдалануға ынталандырады. Одан бөлек транслингвизм термині күнделікті өмірдегі көптілді адамдардың күрделі тілдік тәжірибесіне де қатысты. Транслингвизм сөйлеушінің барлық тілдік репертуарын оның көптілді әлемін түсіндіру үшін пайдалану, оның бір тілден өзгеше тағы бір тілі бар екенін ойланбай-ақ пайдалануы деп қарастырылды. Ли Вэй (L. Wei) транслингвизмді тәжірибеге негізделген тіл теориясы ретінде анықтайды. Ол транслингвизмнің шығу тегін екі түрлі түбірден туындайтынын түсіндіреді. Олар: билингвалды білімге қатысты екі тілді педагогикалық түбір және әлеуметтік-мәдени теория мен лингвистикалық антропологияға қатысты тілдік түбір. Нәтижесінде, бұл терминді қолданушылар және зерттеушілер әртүрлі ортадан шыққан әрі зерттеу бағыттары әр түрлі [15, 19].

Ли Вэй мен О. Гарсия бойынша транслингвизмді екі тілділердің әлемін түсіну үшін қос тілділер қатысатын көптеген дискурсивті тәжірибелердің жиынтығы ретінде анықтауға болады. Бұл билингвалдар үшін екі тіл екі бөлек емес, бір лингвистикалық репертуар деген алғышартқа негізделген. Осы бірегей репертуардан олар тиімді қарым-қатынас жасау үшін стратегиялық функцияларды таңдай алады [15, 20].

Канагараджа (Canagarajah S. 2011) транслингвизмді көптілде сөйлейтіндердің тілдерді өзара ауыстыру қабілеті, сонымен қатар олардың репертуарын құрайтын әртүрлі тілдерді біріктірілген жүйе ретінде қарастыру ретінде түсіндіреді [14, 407]. Репертуардың қалыптасуы

тек көп тілділерге қабілеттілікті дамытудан ғана емес, сонымен қатар осы тілдер орындайтын әртүрлі функцияларға қызмет етуден тұрады.

Код ауыстыру және транслингвизм

Транслингвизм мен код ауыстыруды лингвистикалық термин ретінде салыстырып, зерттеп көрейік. Транслингвизм – код ауыстыру сияқты тілдік байланыс құбылыстарын қамтиды, бірақ ол код ауыстырудың кең мағынасында қолданылып, одан тереңірек зерттеледі. Кейбір адамдар оларды бірдей деп ойлағанына қарамастан, транслингвизм мен код ауыстыру әртүрлі тіл тәжірибесі болып табылады және олар тілдердің қарама-қарсы көзқарастарын көрсетеді. О. Гарсия код ауыстыру мен транслингвизм арасындағы айырмашылықты ішкі және сыртқы факторлар арқылы сипаттайды: код ауыстыру тілдің сыртқы көзқарасын (external viewpoint) көрсетеді, яғни бір аталған немесе ұлттық тілдің екіншісіне ауысуына негізделген мемлекеттер мен мектептердің көзқарасы; ал транслингвизм тілдің ішкі көзқарасын (internal viewpoint) көрсетеді, бұл – сөйлеушілердің психологиялық тұрғыдан өздерінің ішкі тілдік жүйесі ретінде сезінетінін білдіреді [15, 2-4]. Жалпы, билингвизм жағдайында екінші тіл мен мәдениеттің қосылуы біріншілердің орнын ауыстырмайды. Мысалы, біздің елдегі үштілділік саясатын алып қарайтын болсақ, халықаралық тіл ретінде танылған ағылшын тілін үйрену қазақ немесе орыс тілді Қазақстандықтардың тілдерін ығыстырмайды, керісінше оның пайдасы тек лингвистикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық маңызға ие болады.

Қорытындалай келе, код ауыстыру мен транслингвизм атқаратын функциясына қарай әр қайсысының өз ерекшелігі бар екі түрлі ұғым екенін байқаймыз. Британдық лингвист Ли Вэйдің түсіндірмесі бойынша, код ауыстырудан кейін парадигмалық өзгеріс ретінде транслингвизм термині келді: транслингвизм – код ауыстырудың орнын басушы емес, оны кең мағынада, тереңірек зерттеуші. Транслингвизмді қолдану дегеніміз – мультилингвалдар тілдерді өзара ажырата алмайды деген сөз емес, олар жай ғана тек бір тілде ойланбайды әрі олар өздерінің тілдік репертуарындағы тілдерді өзара ажыратуды көздемейді. Мұнда тілдерді ажырату әдейі бақылауға алынған кезде ғана маңызды. Ал код ауыстыру – тілдерді анықтаудан басталады, яғни сөйлем ішінде немесе фраза арасында әр түрлі тілдердің ажыратылып қолданылуы болып табылады. Сол себепті, код ауыстыру мен транслингвизмнің бастапқы мақсаттары екі түрлі әрі олардың қолданыстары мен зерттелу бағыттары әр түрлі [15, 21].

Бүгінгідей көптілділік белең алған қоғамда транслингвизмнің кеңінен қолданылуы, әсіресе жастар арасында кеңінен танымал екендігін байқаймыз. Осы кезге дейін бәлкім қазақ және орыс тілдері жастар арасында танымал болса, қазіргі жастар дискурсының кеңістігі әлдеқайда кең, мультилингвалды. Мұны біз тәуелсіз Қазақстанның жастар саясатындағы түрлі бағдарламаларымен, шет елге шығу, оқу мүмкіншіліктерімен, әр түрлі академиялық бағдарламалардың жүзеге асуымен, тіпті ғаламтор желісіндегі тіл үйренуге, тәжірибе алмасуға болатын сайттардың, қосымшалардың танымалдығымен түсіндіруімізге болады. Сондай-ақ, жастардың жаңа қабілетті, тілді үйренудегі, жаңа ортаға, кеңістікке бейімделудегі икемділігін де атап өткеніміз жөн. Сонымен, транслингвизм көрініс табатын ортаны транслингвизмдік кеңістік ұғымы арқылы қарастырамыз. О. Гарсия [15] транслингвизмдік кеңістікті транслингвизм орын алатын, лингвистикалық репертуардан тандалған ерекшеліктер шығармашылық процесте және әңгімелесушілер арасындағы транзакцияда әрекет етуі деп анықтайды. Транслингвизмдік кеңістік тұжырымдамасы мультилингвалдар үшін ерекше маңызды. Өйткені бұл кеңістікте олар өздерінің өмір сүру салтын қалыптастырып, өмірін өзгерту үшін көптеген тілдік ресурстарды пайдалана алады. Бұл – мультилингвалды адамдар өздерінің жеке тарихы, тәжірибесі мен қоршаған ортасы, көзқарасы, сенімі мен идеологиясы, танымдық және физикалық қабілеттері сияқты әртүрлі өлшемдерді біріктіретін әлеуметтік кеңістік [14; 15]. Ли Вэйдің пайымдауынша, транслингвизмдік кеңістік үнемі қайталанып отыратын процесс үстіндегі жаңа ерекшеліктерді, құндылықтарды және тәжірибелерді тудырады әрі оларды біріктіреді.

Біздің зерттеу жұмысымыздағы транслингвизмдік кеңістік – бұл жастар дискурсы, жастардың ортасы мен кеңістігі. Осы кеңістікте жастардың транслингвизмді қолдану

ерекшелігі, оның пайда болу себептері мен нәтижелерін прагматикалық тұрғыдан талдайтын боламыз. Жастар дискурсы көбінесе әлеуметтік процестермен қалыптасқан белгілі бір сәйкестік ретінде қарастырылады. Тұлғаны сақтайтын бұл әлеуметтік процесстер әлеуметтік ортамен анықталады. Дискурсты құрылымдауға ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды зерттеумен байланысты идеялар жоғары маңызға ие: әлеуметтік өзара әрекеттестіктің тарапы ретінде жастар ұжымдық дамыған коммуникация өндірісіне қатысады.

Сонымен, бүгінгі жастардың белсенді бөлігі бірнеше тілді меңгерген, соның арқасында оларда тұтас бір тілдік репертуар қалыптасады. Нәтижесінде, транслингвизм жастар дискурсындағы транслингвизмдік кеңістікте өз рөлін атқарады.

ТАЛҚЫЛАУ

Тәуелсіз әрі экономикалық дамушы ел ретінде Қазақстан тілдердің дамуына, тіл саясатының дұрыс бағытта жұмыс жасауына үлкен көңіл бөліп, оны заманауи қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Жоғарыда атап өткеніміздей, отандық лингвист Э. Д. Сүлейменова тіл саясатын мемлекеттің стратегиялық мүдделерін айқындайтын және мемлекеттіліктің сақталуын қамтамасыз ететін ұлттық мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырды [2, 286]. Осы анықтаманы басшылыққа ала отырып, оны жүзеге асырушы – халық, қоғам мүшелері екенін ескерсек, әр отбасы сол қоғамның маңызды бөлігі. Сондықтан да, отбасындағы тіл саясаты мен оның жүзеге асуы, әр отбасының өзара қолданатын заңдылықтары да маңызға ие. Ал ата-аналардың отбасындағы тілдік саясатты жүзеге асыруында Баррон-Хауерт ұсынған жеті негізгі стратегияның қолайлысы қолданылуы мүмкін [8, 163]. Біз өз зерттеуімізде ана тілі емес тілдік стратегиясының сипаттамасы мен қолдану аясы сәйкес келетіндіктен осы стратегияны қолданып, соған сай зерттеу жұмыстарын жасайтын боламыз.

Жалпы, теориялық шолу барысында бүгінгі лингвистикада билингвизм, мультилингвизм туралы сөз болғанда транслингвизм терминімен қатар, код ауыстыру да өзіндік рөл мен мәнге ие екенін байқадық. Әр ұғымды жеке қарастырғанда екеуінде ұқсастық байқалуы мүмкін, дегенмен, код ауыстыру мен транслингвизмнің бастапқы зерттеу нысандары екі түрлі болғандықтан, оларды бір бірінен ажыратылатын термин ретінде қарастырамыз. Код ауыстыру ғылымда бірінші пайда болып, транслингвизм оның парадигматикалық жанашылдығы ретінде қолданыла бастаған. Оның зерттеу аясы код ауыстырудың кең мағынасына сай келіп, оны тереңірек зерттейді. Сондықтан олардың жалпы байланысын жоққа шығара алмаймыз.

Код ауыстыру – әртүрлі «кодтар» арасындағы қатаң шекаралары бар сыртқы лингвистикалық тұжырымдаманы білдіреді [11, 98]. Ал транслингвизм – екі тілділердің әлемін түсіну үшін билингвалдар қатысатын көптеген дискурсивті тәжірибелердің жиынтығы [15]. Сонымен, код ауыстыру барысында сөйлеуші түрлі тілдерді қолданғанда тілдерді өзара ажырата алады әрі көбіне соны мақсат етеді. Ал транслингвизм қолдану барысында сөйлеуші бірнеше тілден қалыптасқан бір жүйедегі репертуарын барынша қолдануды көздейді де, психоллингвистикалық тұрғыдан тілдерге шекара қоймайды және оны мақсат етпейді.

Мультилингвалды адамдар өздерінің күнделікті өмірінде әртүрлі контексттерде орын алатын лингвистикалық тәжірибелерді біріктіретін әлеуметтік кеңістікті транслингвизмдік кеңістік дейміз. Біздің жағдайымызда – бұл жастар дискурсы. Қазақстандағы мультилингвализм – тарихи қалыптасқан және үйреншікті жағдай. Сондықтан, жастар дискурсында орын алатын транслингвизм бірнеше тілден құрастырылған бір репертуардың қолданылуымен сипатталады. Әрине, бұл мультилингвальды ортада көрініс табатыны анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, кез келген бірнеше тілді мемлекет үшін тілдік саясатты дұрыс қалыптастыру ондағы тілдердің тазалығы мен мемлекеттік тілдің статусы үшін маңызды. Ал отбасындағы тілдік саясат пен стратегиялар жекелеген отбасылардың таңдауы. Олар

отбасындағы тілдік саясаттың нәтижесінде қоғамда транслингвизм сияқты тілдердің қолданысында көрініс табатын құбылыстардың орын алуында байқалады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі Ғылым комитетінің жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған (AP19175709 «Қазақстанның лингвистикалық ландшафтын модельдеудегі тілдік сән»).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Әділет министрлігі, ҚР тіл туралы заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
- 2 Сүлейменова Э.Д. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі (Словарь социолінгвистических терминов). – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 286/394 б.
- 3 Смағұлова К.Н. Қазақстандағы лингвистикалық ахуал және орыс тілінің қызметі (Языковая ситуация в Казахстане и функционирование русского языка) // Acta universitatis lodziensis Folia linguistica rossica. 2009. – №5, 194 б. http://cejsh.icm.edu.pl/cejsh/element/bwmeta1.element.hdl_11089_5037/c/19-Smagulowa.pdf
- 4 Исаев М. И. Этнолінгвистикалық ұғымдар мен терминдер сөздігі (Словарь этнолінгвистических понятий и терминов) М.: Флинта: Наука, 2001. – 155/196 б.
- 5 Li, W. Research perspectives on bilingualism and multilingualism. In W. Li & M. Moyer (Eds.), *The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism*, 2008. – pp. 4/172. Oxford, UK: Blackwell.
- 6 Neuliep, J. W. The relationship among intercultural communication apprehension, ethnocentrism, uncertainty reduction, and communication satisfaction during initial intercultural interaction: An extension of anxiety and uncertainty management (AUM) theory. *Journal of Intercultural Communication Research*, 2012. 41(1), 24/28; Gardner-Chloros P. *Code-switching*. Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 132/254 p.
- 7 B. Spolsky. *Rethinking Language Policy*. Edinburgh University Press, 2021. – 9, 17/272 p.
- 8 Barron-Hauwaert, S. *Language Strategies for Bilingual Families: The One-Parent-One-Language Approach*. Clevedon/Bufalo/Toronto: Multilingual Matters, 2004. – 163/460 p.
- 9 Nilep C. Code switching in sociocultural linguistics. *Colorado Research in Linguistics*, 19 (1), 2006. – 18/22; Auer P. *Code-switching in Conversation: Language, Interaction, and Identity*. London:Routledge, 1998. – 23/35 p.
- 10 Weinreich U. *Languages in Contact*. - N.Y, 1953 (1st ed.). 197/232 p.
- 11 García, Ofelia and Tatyana Kleyn. *Translanguaging Multilingual Students: Learning from Classroom Moments*. New York: Routledge, 2016. – 98/236 p.
- 12 Данилова В.В., Бермухаметова А.А., Асанова А.Б., Кинжибаева А.С. Дискурстағы кодты ауыстырудың және социолекттің маңыздылығы (Значение кодовых переключений и социолекта в дискурсе) // Қостанай мемлекеттік университетінің педагогикалық институтының хабаршысы, 2019. – №2 (54). – 30-36 б. <http://rmebrk.kz/journals/5224/63949.pdf>
- 13 Жарқынбекова Ш.К., Чернявская В.Е. Қазақ-орыс билингвалды тәжірибесі: коммуникативті әрекеттесудегі код араластыру ресурс ретінде (Значение кодовых переключений и социолекта в дискурсе) // Ресей халықтар достығы университетінің хабаршысы. Серия: Тіл теориясы. Семиотика. Семантика. - 2022. - Т. 13. - №2. - С. 269/468-482 б. doi: 10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482
- 14 Lewis G., Jones B., & Baker C. *Translanguaging: Developing its conceptualization and contextualisation*. *Educational Research and Evaluation*, 2012. 18 (7), 655-662/670 p.; Canagarajah S. *Codemeshing in academic writing: Identifying teachable strategies of translanguaging*. *The Modern Language Journal*, 95, 2011. – 407/417 p.

15 Garcia O., & Wei L. Translanguaging: Language, Bilingualism, and Education. New York, NY: Palgrave MacMillan. 2014. – 19-21/165 p. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>

Материал 29.09.2023 баспаға түсті

Теоретико-методологические основы исследования проблем транслингвизма

А.К. Абилкасымова¹, А.Ш. Акжигитова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

В данной статье проведен аналитический обзор научных работ, связанных с проблемой транслингвизма и ее теоретико-методологическими основами. Проанализированы исследования отечественных и зарубежных ученых о понятиях языковой политики, семейной языковой политики, транслингвизма, кодового переключения, транслингвистического пространства, отмечены их различия, сходства и особенности. Описаны понятия «транслингвизм» и «переключение кода», их роль и функция в лингвистике. Языковая политика рассматривалась на основе языковых вопросов на государственном уровне, программ и положений, принятых с точки зрения закона, и практических мер. Учитывая важность изучения языковой политики, основного класса общества – языковой политики в семье и факторов, влияющих на нее, были проанализированы основные стратегии, используемые в языковой политике в семье. Также определены место и роль транслингвизма в молодежном дискурсе, в транслингвистическом пространстве, и его причины.

Ключевые слова: транслингвизм, кодовое переключение, языковая политика, языковая политика в семье, полиязычие, транслингвистическое пространство.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Министерство юстиции Республики Казахстан, Закон «О языке Республики Казахстан» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
- 2 Сулейменова Е.Д. Словарь социолингвистических терминов – Астана: Издательство «Арман-ПВ», 2019. – 286/394 с.
- 3 Смагулова К.Н. Языковая ситуация в Казахстане и функционирование русского языка // Acta universitatis Iodzensis Folia linguistica rossica. 2009. – №5, 194 с. http://cejsh.icm.edu.pl/cejsh/element/bwmeta1.element.hdl_11089_5037/c/19-Smagulowa.pdf
- 4 Исаев М. И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов М.: Флинта: Наука, 2001. – 155/196 с.
- 5 Li, W. Research perspectives on bilingualism and multilingualism. In W. Li & M. Moyer (Eds.), The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism, 2008. – pp. 4/172. Oxford, UK: Blackwell.
- 6 Neuliep, J. W. The relationship among intercultural communication apprehension, ethnocentrism, uncertainty reduction, and communication satisfaction during initial intercultural interaction: An extension of anxiety and uncertainty management (AUM) theory. Journal of Intercultural Communication Research, 2012. 41(1), 24/28; Gardner-Chloros P. Code-switching. Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 132/254 p.
- 7 B. Spolsky. Rethinking Language Policy. Edinburgh University Press, 2021. – 9, 17/272 p.
- 8 Barron-Hauwaert, S. Language Strategies for Bilingual Families: The One-Parent-One-Language Approach. Clevedon/Buffalo/Toronto: Multilingual Matters, 2004. – 163/460 p.
- 9 Niley C. Code switching in sociocultural linguistics. Colorado Research in Linguistics, 19 (1), 2006. – 18/22; Auer P. Code-switching in Conversation: Language, Interaction, and Identity. London:Routledge, 1998. – 23/35 p.
- 10 Weinreich U. Languages in Contact. - N.Y, 1953 (1st ed.). 197/232 p.

- 11 García, Ofelia and Tatyana Kleyn. *Translanguaging Multilingual Students: Learning from Classroom Moments*. New York: Routledge, 2016. – 98/236 p.
- 12 Данилова В.В., Бермухаметова А.А., Асанова А.Б., Кинжибаева А.С. Значение кодовых переключений и социолекта в дискурсе // Вестник педагогического института Костанайского государственного университета, 2019. – №2 (54). – 30-36 с. <http://rmebrk.kz/journals/5224/63949.pdf>
- 13 Жаркынбекова Ш.К., Чернявская В.Е. Значение кодовых переключений и социолекта в дискурсе // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. - 2022. - Т. 13. - №2. - С. 269/468-482 с. doi: 10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482
- 14 Lewis G., Jones B., & Baker C. *Translanguaging: Developing its conceptualization and contextualisation*. *Educational Research and Evaluation*, 2012. 18 (7), 655-662/670 p.; Canagarajah S. *Codemeshing in academic writing: Identifying teachable strategies of translanguaging*. *The Modern Language Journal*, 95, 2011. – 407/417 p.
- 15 Garcia O., & Wei L. *Translanguaging: Language, Bilingualism, and Education*. New York, NY: Palgrave MacMillan. 2014. – 19-21/165 p. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>

Материал поступил в редакцию журнала 29.09.2023

Theoretical and methodological foundations for studying the problems of translanguaging

A.K. Abilkassymova¹, A.Sh. Akzhigitova¹

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Astana, 010000, Kazakhstan

This article provides an analytical review of scientific works related to the problems of translanguaging and their theoretical and methodological foundations. The researches of Kazakhstani and foreign scientists on the notions of language policy, family language policy, translanguaging, code switching, translanguistic space are analyzed, their differences, similarities and features are noted. The notions of “translanguaging” and “code switching”, their role and function in linguistics are described. Language policy was considered on the basis of language issues at the state level, programs and appeals adopted in terms of law, and practical measures. Considering the importance of studying language policy, the main class of society – family language policy and the factors influencing it, the main strategies used in language policy in the family were analyzed. The place and role of translanguaging in youth discourse, in the translanguistic space, and its causes are also determined.

Key words: translanguaging, code switching, language policy, family language policy, multilingualism, translanguistic space.

REFERENCES

- 1 KR Adilet ministrliги, KR til turaly zany https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
- 2 Sulejmenova E.D. *Aleumettik lingvistika terminderinin sozdigi. Slovar' sociolingvistikah terminov*. – Astana: «Arman-PV» baspasy, 2019. – 286/394 p.
- 3 Smagulova K.N. *Kazakstandagy lingvistikalyk ahual zhane orys tilinin kyzmeti (Yazykovaya situaciya v Kazahstane i funkcionirovanie russkogo yazyka)*. // *Acta universitatis lodziensis Folia linguistica rossica*. 2009. – №5, 194 p. http://cejsh.icm.edu.pl/cejsh/element/bwmeta1.element.hdl_11089_5037/c/19-Smagulowa.pdf
- 4 Isaev M. I. *Etnolingvistikalyk ugymdar men terminder sozdigi (Slovar' etnolingvistikah ponyatij i terminov)*. M.: Flinta: Nauka, 2001. – 155/196 p.
- 5 Li, W. *Research perspectives on bilingualism and multilingualism*. In W. Li & M. Moyer (Eds.), *The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism*, 2008. – pp. 4/172. Oxford, UK: Blackwell.

- 6 Neuliep, J. W. The relationship among intercultural communication apprehension, ethnocentrism, uncertainty reduction, and communication satisfaction during initial intercultural interaction: An extension of anxiety and uncertainty management (AUM) theory. *Journal of Intercultural Communication Research*, 2012. 41(1), 24/28; Gardner-Chloros P. *Code-switching*. Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 132/254 p.
- 7 B. Spolsky. *Rethinking Language Policy*. Edinburgh University Press, 2021. – 9, 17/272 p.
- 8 Barron-Hauwaert, S. *Language Strategies for Bilingual Families: The One-Parent-One-Language Approach*. Clevedon/Buffalo/Toronto: Multilingual Matters, 2004. – 163/460 p.
- 9 Nilep C. Code switching in sociocultural linguistics. *Colorado Research in Linguistics*, 19 (1), 2006. – 1-22; Auer P. *Code-switching in Conversation: Language, Interaction, and Identity*. London: Routledge, 1998. – 23/35 p.
- 10 Weinreich U. *Languages in Contact*. - N.Y, 1953 (1st ed.). 197/232 p.
- 11 García Ofelia and Tatyana Kleyn. *Translanguaging Multilingual Students: Learning from Classroom Moments*. New York: Routledge, 2016. – 98/236 p.
- 12 Danilova V.V., Bermuhametova A.A., Asanova A.B., Kinzhibaeva A.S. Diskurstagy kodty auystyrudyn zhane sociolektin manyzdylygy (Znachenie kodovyh pereklyuchenij i sociolekta v diskurse). // *Kostanai memlekettik universitetinin pedagogikalyk institutynyn habarshysy*, 2019. – №2 (54). – 30-36 p. <http://rmebrk.kz/journals/5224/63949.pdf>
- 13 Zharkynbekova Sh.K., Chernyavskaya V.E. Kazak-orys bilingvaldy tazhiribesi: kommunikativti arekettesudegi kod aralastyru resurs retinde (Znachenie kodovyh pereklyuchenij i sociolekta v diskurse) // *Resei halyktar dostygy universitetinin habarshysy. Seriya: Til teoriyas. Semiotika. Semantika*. - 2022. - T. 13. - №2. - C. 269/468-482 p. doi: 10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482
- 14 Lewis G., Jones B., & Baker C. *Translanguaging: Developing its conceptualization and contextualisation*. *Educational Research and Evaluation*, 2012. 18 (7), 655-662/670 p.; Canagarajah S. *Codemeshing in academic writing: Identifying teachable strategies of translanguaging*. *The Modern Language Journal*, 95, 2011. – 407/417 p.
- 15 Garcia O., & Wei L. *Translanguaging: Language, Bilingualism, and Education*. New York, NY: Palgrave MacMillan. 2014. – 19-21/165 p. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>

Received: 29.09.2023

MFTAP 16.31.51

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp210-220](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp210-220)

Ж.Р. Абнасырова¹, А.Ф. Сембаева², Г.А. Ескермесова², Б.Д. Мұқаш¹

¹SDU University, Қаскелең, 040900, Қазақстан Республикасы

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

ШЕТ ТІЛІН ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӘЛЕМ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазіргі цифрлы технологияның дамыған заманында өзіне қажет тілді үйренем деген адам оны интернет арқылы да үйрене алады. Адамдар компьютер, смартфон, планшет және телефонды бір-бірімен қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын, ал қазіргі уақытта сол ақпарат құралдарын пайдалану арқылы өзге тілді де меңгере алу мүмкіндігі туды. Қазір бұлар тек байланыс құралы ғана емес жаңа білім, жаңа дағдыны алуға да қажетті бірден бір құрал болды. Олардың артықшылығы кез келген жерде және кез келген уақытта оқимын, үйренемін деген дүниенізге оңай қол жеткізе аласыз.

Әлемдік тіл үйрету әдістемесін қарастыратын болсақ қазіргі уақытта мобильді технологиялардың қолжетімділігінің дамуына байланысты тіл үйренушілерге қалаған тілді